Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором



Қазақстандағы өмір сүрген тайпалардың ішінде аты жақсы сақталған тайпалардың бірі сақтар. Сақтар (сақалар) — б.з.б 1-мыңжылдықта Орта Азия мен Қазақстан, Шығыс Түркістан аумағын мекен еткен ежелгі тайпа. Боралдай сақ қорғаны — Алматы аумағында ерте темір ғасырынан сақталған маңыз ескерткіш. Ол қаланың Алатау ауданында, Үлкен Алматы мен Боралдай өзендерінің арасында, әуежайға жақын жерде орналасқан. Мұнда көне қорым бар, оның тарихы екі жарым мың жылдан асып түседі. Археологиялық кешен 47 сақ және үйсін қорғандарынан тұрады.

Сақ мәдениеті — ерте темір дәуіріндегі тайпалар қалдырған археологиялық ескерткіштер жиынтығы. Жетісудағы Есік (Алтын адам) Бесшатыр обалары мен көптеген көмбелер, Сырдың төменгі ағысындағы Ұйғарақ қорымы, Орталық және Солтүстік Қазақстандағы Тасмола мәдениетінің обалары. Сақ мәдениеті дәуірінен жеткен сәнді бұйымдары, асқақ дүниетанымдық рухта берілген бейнелер мен әшекейлер Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінде, бүгінгі өнерде қолданылады



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника 

Қазақ даласындағы сақ қорғандарын қазу барысында табылған құнды жәдігерлер ертедегі көшпенділердің „аңдық стиль" үлгісіндегі туындыларын танып білуге үлкен мүмкіндік береді. Сақ тайпаларының әр жерде орналасуының бірден бір себебі көшпенділердің қозғалысқа бейімділігін түсіндіреді. Осы уақытқа дейін жеткен мәліметтерге сүйенсек, сақтар мал шаруашылығымен айналысқан.

1969-70 жылдары Есік қорғанынан тоналмай табылған сақ ханзадасының қобірінен төрт мыңнан астам алтын тоғалар мен жапсырмалардың басым көпшілігі аңдық стильде жасалғанын дәлелдеді. Демек алтынды өңдеу мен оң стиліндегі тоғаларды жасауға сақ өнерінің өзіндік ерекше туындыларын әлемге паш етуге үлкен мүмкіндік береді десек қателеспейміз.

„Қазақ даласының әр төбесі, әр белесі ертегі, Топырағын басып қалсаң бір ертегі шертеді", дегендей ақын М. Шаханов айтқандай, туған жердің табан астындағы топырақтың тарихын біліп жүрген қандай жақсы.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ